

«Бекітемін»

Қамқоршылық кеңестің

төрағасы: Алғаш Қ.Мүсір

Мектеп директорының м.у.а.: Т.Артық



«№5 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2022-2023 оқу жылына қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары

№	Іс-шара отырысы	Мерзімі	Жауапты
1	1.1. ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілген 27.07 2017ж. № 355. Қамқоршылық кеңестің жұмысың ұйымдастырудың типтік ережелерін зерделеу 1.2.2022-2023 оқу жылына қамқоршылық кеңестің тізбесін қалыптастыру 1.3.Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын талқылау, бекіту. 1.4.«Мектепке жол» акциясына қатысу 1 1	Қыркүйек	Қамқоршылық кеңестің төрағасы Мектеп директоры
2	2.1.«Мектепке жол» акциясы туралы есеп беру. 2.2.Отбасы сағатына қатысу.Өмірлік қиын жағдайға тап болған,сәтсіздікке ұшыраған отбасы жағдайларын бақылау туралы. 2.3.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру жолдары.	Қазан	Қамқоршылық кеңестің төрағасы Мектеп директоры
3	3.1. Мектептің І жарты жылдық есебі 3.2. ҚР Тәуелсіздік күніне арналған іс – шараларына қатысу. 3.3.Жаңа жылдық мерекеге мектепті безендіруді ұйымдастыруға көмек 3.4. «Қамқорлық» қайырымдылық акциясына қатысу.	Желтоқсан	Қамқоршылық кеңестің төрағасы Мектеп директоры
4	3.1. Наурыз мерекелік іс-шараға қатысу. 3.2. «Бір отбасы-бір ағаш» акциясына қатысу 3.3. Патриоттық тәрбие айлығын ұйымдастыру және өткізу жұмыстарында қатысу: Жеңіс Күні және Қорғаушылар Күніне мерекелік іс-шараға қатысу. Ұлы Отан Соғысы ардагерлеріне көмек көрсету.	Қаңтар	Қамқоршылық кеңестің төрағасы Мектеп директоры
4	4.1.«Тәрбие мектебі-отбасы» 4. 2.Наурыз мерекелік іс-шараға қатысу. 4.3. Оқушыларға қатысты зорлық-зомбылық,қатыгездік бойынша алдын-алу жұмыстарын ұйымдастыру.	Наурыз	Қамқоршылық кеңестің төрағасы Мектеп директоры
5	5.1.2022-2023 оқу жылындағы қамқоршылық кеңесі мүшелерімен жүргізілген жұмыстардың талдауы. 5.2.Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру. 5.3.2023-2024 оқу жылындағы мектеп формасы. 5.4.Әртүрлі мәселелер.	Мамыр	Қамқоршылық кеңестің төрағасы Мектеп директоры

Қамқоршылық кеңес қызметінің отырысының

Хаттамасы №1

Білім алушылардың жекелеген санаттарына «Міндетті білім қорынан» бөлінетін

қаржыны ұйымдастыру жөніндегі комиссия отырысы

27.08.2022

Абай ауылы

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері, мектеп әкімшілігі.

Қатысқандар саны –

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- 1. Білім алушылардың жекелеген санаттарына сәйкес қаржылай көмек ұйымдастыру туралы.**

Тыңдалды: Г.Артық мектеп директорының м.у.а. өз сөз кезегінде «Аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан оқушылар мен әлеуметтік қорғансыз қалған оқушыларға бөлінген қаржы шығынымен қаржылай және материалдық көмек көрсету жөніндегі Ережені бекіту туралы» Қаулысын орындауда және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар балаларға жыл сайынғы дәстүрлі республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында тұл жетім, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыдан, көп балалы, төтенше жағдай салдарынан зардап шеккен отбасының балаларына жаңа 2022-2023 оқу жылына «Жалпыға міндетті білім қорынан» атаулы оқушыларға қаржылай көмек беруді ұйымдастыруды айтып өтті.

Тыңдалды: – қамқоршылық кеңес мүшесі Н.Сманов, ол кісі өз сөз кезегінде, қамқоршылық кеңес мүшелерімен кеңесе отырып осы уақыт аралығында өтініш жазған отбасы құжаттарын қарап, осы оқушылардың, оқушы ата аналарынан АСП алатындығы жөнінде анықтамасы бар болғандықтан бұл оқушылар көмекке мұқтаж екендігі белгілі, ал қалған отбасында әлеуметтік жағдайы төмен екені белгілі болып, жартылай жетім 10, жалғыз басты ана 16 әлеуметтік мәртебелері бар болғандықтан осы отбасыларға АКТ толтырылып, қамқоршылық кеңесінің отырысында қаралып, шын мәнінде көмекке мұқтаж деп танылды және осы оқушыларға қаржылай көмек көрсетілу керек деп мәлімдеді.

2022-2023 оқу жылында «Мектепке жол» жағдайы төмен отбасыдан, көп балалы, отбасыдан шыққан оқушының тізімі қоса тіркеледі. №1 қосымша.

Қабылданған шешім:

- 1.2022-2023 оқу жылының «Мектепке жол» акциясы аясында «Жалпыға міндетті білім қорынан» бөлінетін қаржыға жоғарыда аты аталған білім алушылардың тізімі бекітілсін және қоса тіркелді (барлығы міндетті білім қорынан 10 білім алушы)
- 2.Қаржылай көмекпен қамтамасыз етілетін білім алушылардың құжаттарын реттеп , тізімін жинақтау әлеуметтік педагог Ұ.Полатовқа жүктелсін

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

 К.Мүсір

Қамқоршылық кеңес хатшысы:

 У.Полатов

Мүшелері:


1.Абдраманов Е




2.Сманов Н.



3.Құдайбергенова А.



4.Есентаева М.



5.Куштанов Е.



6.Бексултанов Б.



7.Мамытбаев Н.



8.Қалмырзаев А.

Хаттамасы №2

12.11.2022жыл

Абай ауылы

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері, ата-аналар комитеті, мүшелері, мектеп әкімшілігі.

Қатысқандар саны –16

Күн тәртібінде:

- 1.»Мектепке жол» акциясы туралы есеп беру.
- 2.Отбасы сағатына қатысу.Өмірлік қиын жағдайға тап болған,сәтсіздікке ұшырағанотбасы жағдайларын бақылау туралы.
- 3.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру жолдары.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының міндетін атқарушы Ұ.Полатов сөз алып, мектепке жол акциясы туралы жүргізілген жұмыстарға тоқталып өтті. Биылғы жылдың 1 тамызынан қыркүйек айының 30 жұлдызына дейінгі аралықта республика бойынша «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы жүргізілді. Аталған акцияның мақсаты мектеп жасындағы барлық балаларды орта біліммен қамту проблемаларына жұртшылықтың назарын аударту; міндетті орта білім алуға барлық азаматтардың құқығын қамтамасыз ету жөнінде ақпараттық және түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Мектеп мұғалімдері қайырымдылық акциясына байланысты демеушілерді тарту жұмыстарына атсалысты. Демеушілерді тарту арқылы 9 оқушыға сөмке, оқу құралдарымен көмек көрсетілсе, 1 оқушыға мектепке киетін форма, 1 спорттық киімдермен қамтамасыз етілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдығының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру жолдары. Қазіргі кездегі еліміздегі ең өзекті мәселелердің бірі- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен «Саналы ұрпақ», «Адал ұрпақ» клубтары құрылды. Мектебімізде ерікті оқушылардан жасақталған «Адал ұрпақ» клубы осы бағытта жұмыс атқарады.

Шешім:

1. «Мектепке жол акциясы» жұмысы жалғастырылсын.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

 К.Мүсір

Қамқоршылық кеңес хатшысы:



У.Полатов

Мүшелері:

1. Абдраманов Е



2. Сманов Н.



3. Құдайбергенова А.



4. Есентаева М.



5. Куштанов Е.



6. Бексултанов Б.



7. Мамытбаев Н.



8. Қалмырзаев А.



« №5 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қамқоршылық кеңесі отырысының

Хаттамасы №3

27.12.2022ж.

Абай ауылы

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері, мектеп әкімшілігі.

Қатысқандар саны –

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Мектептің I жарты жалдық есебі
2. ҚР Тәуелсіздік күніне арналған іс – шараларына қатысу.
3. Жаңа жылдық мерекеге мектепті безендіруді ұйымдастыруға көмек
4. «Қамқорлық» қайырымдылық акциясына қатысу.

Тыңдалды: С.Ильясова мектеп директорының м.у.а. 1,2 тоқсан бойынша «№5 жоббм» кмм мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есебі.

Ағымдағы жылда бірлестіктердің 1,2 тоқсанында атқарылған жұмыстарына талдау жасалынып бірқатар жұмыстар жүргізілді.

Мектепте жартылай жетім-10, аз қамтылған отбасылар саны- 13, көп балалы отбасылар саны-58, үйде оқытылатын мүгедектігі бар - 2 оқушы білім алуда. С.Ильясова I жарты жылдықтағы білім сапасына талдау жасады. т.б. (№1 қосымша есеп қоса тіркеледі.)

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша ҚР Тәуелсіздік күніне арналған іс – шараларына қатысу бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшесі Куштанов Е. Мектепте қамқоршылық кеңесінің қатысуымен патриоттық тәрбие бағытындағы өткізілген іс-шаралардың өз деңгейінде өткізілгенін, үйде оқытылатын балалардың да іс-шараға қатысқанын және оқушылармен бірге мектептегі белсенді ата-аналар марапатталды.

Тыңдалды: Әлеуметтік педагог Ұ.Полатов мектепте өткізілген «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы және онда көрсетілген көмек жайлы баяндады. Атап айтқанда мектепте тұрмыс деңгейі төмен деп анықталған балаға демеушілер тарапынан мектеп оқу құралдары, қыстық сыртқы киім берілгенін атап көрсетті.

Тыңдалды: мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Сулейменова жаңа жылдық мерекелік іс-шара жоспарымен таныстырып, мерекеге мектепті безендіруге ұйымдастыруға, үйде оқытылатын балалардың іс-шараларға қатысуын қамтамасыз етуіне кеңес мүшелерінің атсалысуына шақырды.

Қабылданған шешім:

1. «№5 жалпы орта білім беретін» кмм директорының міндетін уақытша атқарушы С.Ильясованың есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

2.Патриоттық,елжандылық бағыттағы іс-шараларға ата-аналарды көптеп қатыстыру жалғастырылсын.

3.Әлеуметтік статусқа не оқушыларға көмек көрсету мақсатында демеушілерді тарту жұмыстары жандандырылсын.

4.Жаңа жылдық мерекелік іс-шараларда тұрмысы төмен және мүгедектігі бойынша үйде оқытылатын балаларға сыйлықтар ұйымдастырылсын және кеңес мүшелері ұйымдастырылатын іс-шараларға белсене қатыссын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

 Қ.Мүсір

Қамқоршылық кеңес хатшысы:

 У.Полатов

Мүшелері:

1.Абдраманов Е



2.Сманов Н.

3.Құдайбергенова А.



4.Есентаева М.



5.Куштанов Е.




6.Бексултанов Б.



7.Мамытбаев Н.



8.Қалмырзаев А.



Қамқоршылық кеңесі отырысының

Хаттамасы №4

14.03.2023ж.

Абай ауылы

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері, мектеп директорының м.у.а.

Ұ.Полатов,директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары,педагог-психолог,педагог-ұйымдастырушы, ата-аналар комитетінің мүшелері.

Қатысқандар саны –

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «Тәрбие мектебі-отбасы»

2.Наурыз мерекелік іс-шараға қатысу.

3. Оқушыларға қатысты зорлық-зомбылық,қатыгездік бойынша алдын-алу жұмыстарын ұйымдастыру.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшесі Е.Абдирахманов және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Артық бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекшелігіне тоқталды.Отбасындағы ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынасты нығайту,баланың әке-шешесіне деген құрметін,бала махаббатын ояту,отбасы мүшелерімен бауырмалдық,қайырымдылық,достық қарым-қатынастарын нығайту,мектеп-ұстаз-ата-ана бірлігін нығайту,үлкенге құрмет,кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеу мақсатында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Артық «Тәрбиенің ең тамаша мектебі-отбасы» тақырыбында оқыған баяндамасында бала тәрбиесі бойынша өз ойларын ортаға салды. Отбасы-адам баласының түп қазығы. Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап анасының әлдіімен оң-солын танып,ортаға бейімделіп өседі. Әке-шаңырақ иесі,отағасы,сондықтанда қазақта отбасы мүшелеріне толығымен ер азамат жауап береді. Ал әйел отбасының ұйытқысы, шегесі. Бала әкеден ақыл,анадан мейірім алады. Тәртіпті,отансүйгіш,ұлт жанашыры бола алатын ұрпақ тәрбиелеу ең басты парызымыз.Мектеп-оқушы-ата-ана үштік одақ жұмысына тоқталды.

Екінші наурыз мерекелік іс-шараға қатысу мәселесі бойынша наурыз айындағы өткізілетін іс-шаралармен таныстырылып, ұлттық тәрбиеге,ұлттық құндылықтарға басымдық берілетіні,соның ішінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу,ұлттық ойындар,сахналық қойылымдар,ұйымдастырылатын қолөнер көрмесі т.б. туралы,осы орайда бала бойындағы еліне деген мақтаныш сезімін ояту.Наурыз мерекесіне тұрмысы төмен отбасыдан шыққан балаларға,көп балалы отбасы балаларына және үйде оқытылатын мүгедектігі бар балаларды іс-шараларға тарту, психологиялық ахуал туғызу,ынталандыру сыйлықтарымен марапаттау,қуаныш сыйлау т.б. Және осындай іс-шараларға көмек беру және кеңес мүшелерін қатысуға шақырды.

Үшінші қоғамдағы өзекті мәселенің бірі балаға қатысты зорлық-зомбылықтың белең алуы. Мектептегі оқушыларға ұйымдастырушы-педагог, педагог психологтармен біргелікте зерделеу жұмыстарының барысы туралы айтылды. Зорлық-зомбылықтың, қатыгездікті болдырмау, алдын-алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. 5-11 сынып оқушыларымен құқық қорғау қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастырылып, ақпараттық, түсіндірме жұмыстары жүргізілетіні баяндалды.

Қабылданған шешім:

1. Мектептегі үштік одақ (мұғалім-ата-ана-оқушы) жұмысы жандандырылсын.

2. Оқушыларға қатысты зорлық-зомбылық, қатыгездікке қатысты болдырмау, алдын-алу жұмыстары өз деңгейінде жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

 Қ. Мүсір

Қамқоршылық кеңес хатшысы:

 У. Полатов

Мүшелері:

1. Абдраманов Е



2. Сманов Н.

3. Құдайбергенова А.




4. Есентаева М.



5. Куштанов Е.



6. Бексултанов Б.



7. Мамытбаев Н.



8. Қалмырзаев А.



« №5 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қамқоршылық кеңесі отырысының

Хаттамасы №5

31.05.2023ж.

Абай ауылы

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері, мектеп директорының м.у.а.
Ұ.Полатов, директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, педагог-психолог, педагог-
ұйымдастырушы, ата-аналар комитетінің мүшелері.

Қатысқандар саны –

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1.2022-2023 оқу жылындағы қамқоршылық кеңесі мүшелерімен жүргізілген жұмыстардың талдауы.

2.Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру.

3.2023-2024 оқу жылындағы мектеп формасы.

4.Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Мектеп директорының м.у.а. Ұ.Полатов оқу жылында атқарылған жұмыстарға қорытынды жасап, есеп берді. Қамқоршылық кеңесі мектеп оқушыларына жағдай жасау мақсатымен жұмыс істейтіндігі туралы айта келе, 2022-2023 оқу жылындағы мектепте ұйымдастырылған іс-шараларға демеушілік көрсеткен кеңес мүшелеріне алғыс білдірді. Екінші мәселе бойынша 2022-2023 оқу жылында жазғы демалыс кезеңіне білім бөлімі тарапынан «Біргөлік» сауықтыру лагеріне 24 оқушыға жолдама берілетіні туралы айтты. Тұрмысы төмен, жартылай жетім отбасынан шыққан оқушыларға тегін жолдама берілді. Сонымен бірге мектеп жанынан ашылған «Күншуақ» сауықтыру лагеріне 1-5 сынып оқушыларынан 50 бала қатысқалы отыр. т.б.

Үшінші мәселе 2023-2024 оқу жылындағы мектеп формасы. Директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Сулейменова мектеп формасының түсі қою қара көк болып өзгертілетіні туралы айтты. Алайда осы оқу жылында киілген сұр түсті мектеп формасы да сақталатыны туралы айтты. Себебі ол форманы биыл қайта киетін оқушылар да бар екенін ескердік. 1. Ұл балалар үшін мектеп формасы қою қара көк түсті пиджак, жейдеше (трикотаж), ақ көйлек классикалық үлгідегі шалбар (еркін тігілген және тобықты жауып тұратын болу керек). Ұлдардың шаш үлгісі қысқа классикалық үлгіде болу керек. Тұлым қоюға тыйым салынады. 2. Қыз балалар үшін мектеп формасы ; қою қара түсті пиджак, жейдеше (трикотаж), ақ кофта, юбка немесе сарафан, етек ұзындығы тізе тұсында (ұзындығы тізеден 5см-ден жоғары болмауы керек.) Қыздардың шаш үлгісі буылып жиналған, түйілген, немесе өрілген болуы керек. Қыздардың денсаулығының алдын-алу мақсатында мектепке биік өкше киюге, бет әрлейтін заттарды (боянуға) қолдануға рұқсат етілмейді. Сондай-ақ қымбат әшекейлер, салпыншақ сырға т.б. тағуға рұқсат етілмейді.

Отырыс соңында әр түрлі мәселелер бойынша кеңес мүшелері сөз алды.

Жаз мезгіліндегі балалардың өмір-қауіпсіздік мәселелері де қозғалды. Ата-ана тарапынан бақылау қажеттілігі айтылды.

Шешім:

1. 2022-2023 оқу жылында мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Оқушылардың жазғы демалыс демалысы жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

3. 2023-2024 оқу жылындағы оқушыларды мектеп формасымен толық қамтылуы туралы ата-аналарды хабардар етіп, ұйымдастыру жұмыстары жүргізілсін.

4. Жазғы уақыттағы оқушылардың қауіпсіздігін қадағалау ата-аналар жауапкершілігіне жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:



Қ. Мүсір

Қамқоршылық кеңес хатшысы:



У. Полатов

Мүшелері:

1. Абдраманов Е




2. Сманов Н.



3. Құдайбергенова А.




4. Есентаева М.



5. Куштанов Е.




6. Бексултанов Б.



7. Мамытбаев Н.



8. Қалмырзаев А.



Түркістан облысының
білім басқармасының
Келес ауданының
білім бөлімінің
«№5 жалпы білім
беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі



Государственное учреждение
«Общеобразовательная средняя
школа №5» отдел образования
Келесского района
управления образования
Туркестанской области

Абай ауылы, М. Артыков көшесі № 205

село Абай, улица М.Артыков № 205

БҰЙРЫҚ

№ 40 16.09.2022 г.
Абай ауылы

ПРИКАЗ

№ 40 16.09.2022 г.
село Абай

«2022-2025 оқу жылдарына қамқоршылық кеңесін құру туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы және Облыстық білім басқармасының 21.08.2017 жылғы № 764 санды бұйрығын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жыл 27 шілдедегі № 355 санды бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидасы» негізінде «№5 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Қамқоршылық кеңесі» құрылсын.

2. Қамқоршылық кеңестің мақсаты мектепке қолдау көрсету. Оның жарғылық функцияларының іске асырылуына, қаржылық қолдауды қамтамасыз етуге, материалдық-техникалық базасының нығаюына септесу және оның қызметіне қоғамдық бақылау мақсатында ережеге сәйкес жазбаша келісіммен қамқоршылық кеңес төмендегі құрамда бекітілсін:

1. Мүсір Қ. – Қамқоршылық кеңесінің төрағасы

2. Абдраманов Е. – Қамқоршылық кеңестің төраға орынбасары

Мүшелері:

1. Сманов Н.

2. Құдайбергенова А.

3. Есентаева М.

4. Куштанов Е.

5. Бексултанов Б.

6. Мамытбаев Н.

7. Қалмырзаев А.

8. Полатов - Қамқоршылық кеңестің хатшысы.

3. 2022-2025 оқу жылдарының Қамқоршылық кеңесінің ережесі бекітілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директорының м.у.а.  Г. Артык

